

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласының жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 24-03/184 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі N 111 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 мамырда № 6960 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 13 шілдедегі № 19-2/645 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 579 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2015 № 19-2/645 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 31.07.2015 № 579 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңының 13-бабының 4-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласының жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлері;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласының жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті (Орман А.О.):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынуын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуге алынғаннан кейін ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. «Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін

бағалаудың критерийлерін және су қорын пайдалану және су алуды немесе жер үстіндегі ағын суды реттеумен байланысты қызметті жүзеге асыратын субъектілерге арналған тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 ақпандағы № 100 және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 102 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6109 болып тіркелген, 2010 жылғы 13 мамырдағы № 119 (26180) «Казахстанская правда» газетінде жарияланған) бірлескен бұйрығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Вице-министрі М.Ә. Оразаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Экономикалық даму және
сауда министрі Қ. Келімбетов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 13 сәуірдегі
№ 24 - 03 / 184 және

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Экономикалық даму және
сауда министрінің
2011 жылғы 25 сәуірдегі
N 111 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласының жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Осы Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласының жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлері (әрі қарай - Критерийлер) Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңына сәйкес, бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен су объектілерінен су алуға байланысты

қызметтерді жүзеге асыратын бастапқы су пайдаланушыларды тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін дайындалды.

2. Осы Критерийлерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласындағы тәуекел - халықтың сумен қамтамасыз етілуінің азаюы, су объектілерінің ластануының, қоқымдануының және сарқылуының пайда болуы, бөлінген лимиттерге сәйкес су ресурстарын алуға арналған су пайдаланушылардың құқығының бұзылуы, сондай-ақ, су пайдаланушылар жүргізілген жұмыс нәтижесінде елді-мекендерге ауыр дәрежеде зардап шегу есебімен судың зиянды түрде әсер етуі;

2) бақылау субъекті - өз мұқтаждарын қанағаттандыру немесе оны қайталама су пайдаланушыларға жеткізу үшін тікелей су объектілерінен су алуды жүзеге асыратын, сонымен қатар, шаруашылықтың әртүрлі салаларын сумен қамтамасыз ету үшін тежеуіш гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үстіндегі ағын суды реттеу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік аясындағы жеке және заңды тұлғалар (бастапқы су пайдаланушылар)

3. Бақылау субъектілерін жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел салдарының дәрежелеріне жатқызу бастапқы кезеңде - объективтік критерийлер және келесі жатқызуларда - субъективтік критерийлер негізінде жүргізіледі.

4. Бастапқы жатқызу кезінде, барлық бақылау субъектілері, су объектілерінің стратегиялық маңызына және су алу көлеміне байланысты тәуекелдің үш дәрежесіне жіктеледі:

жоғары дәрежеге - ерекше стратегиялық маңызды су шаруашылығы құрылыстарының тізіміне жатқызылған объектілерді пайдаланатын бақылау субъектілері жатады;

орта дәрежеге - тәулігіне 5 мың текше метрден жоғары су алуды жүзеге асыратын, 10 миллион текше метрден жоғары көлемдегі су қоймаларын пайдаланатын бақылау субъектілері жатады;

төмен дәрежеге - тәулігіне 5 мың текше метрден аспайтын су алуды жүзеге асыратын, 10 миллион текше метрден аспайтын көлемдегі су қоймаларын пайдаланатын бақылау субъектілері жатады.

5. Осы Критерийлердің 4-тармағының екінші абзацында келтірілген бақылау субъектілері сумен қамтамасыз етудің өзекті стратегиялық желілері ретінде кейін, келесі жатқызуларда бұдан төмен тәуекел дәрежелеріне ауыстырылмайды.

6. Келесі жатқызуларда, тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлеріне (1 және 2 қосымшалар) сәйкес, жиналған балдарға байланысты, бақылау субъектілері келесідей жіктеледі:

жоғары тәуекел дәрежесіне - 45 және одан жоғары бал жинаған бақылау

субъектілері ж а т қ ы з ы л а д ы ;
 орта тәуекел дәрежесіне - 30-дан бастап 45-ке дейін бал жинаған бақылау
 субъектілері ж а т қ ы з ы л а д ы ;
 төмен тәуекел дәрежесіне - 30-дан аз бал жинаған бақылау субъектілері
 ж а т қ ы з ы л а д ы .

7. Бір тәуекелдік деңгейдегі бақылау субъектілерін тексеруді басымды
 жоспарлау үшін мыналар негіз болады:
 су қоймасының ең жоғарғы көлемі;
 су алудың ең жоғарғы көлемі;
 гидравликалық, гидроаккумуляциялық және жылу электрстанцияларының
 гидротехникалық құрылыстарының ең жоғарғы күші;
 мелиорация жүйелері қызмет көрсететін суғару және құрғатудың ең үлкен
 алаңы.

Қазақстан Республикасының
 су қорын пайдалану және қорғау
 саласының жеке кәсіпкерлік
 аясындағы тәуекел дәрежесін
 бағалаудың критерийлеріне
 1-қосымша

Жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлері

№	Бұзушылық түрлері	Бұзушылық деңгейі	Балы
1	2	3	4
1	су объектілерін өз бетінше басып алу, өз бетінше су пайдалану, су пайдалану құқығын қайта табыстау	Өрескел	40
2	лимиттерді бұзып су алу, гидротехникалық жұмыстарды өз бетінше жүргізу		40
3	су объектілерінен өндірілген немесе бөлінген жер асты және жер үсті суларын қырсыздықпен пайдалану		40
4	өзендердің және басқа да су айдындарының жай-күйіне әсер ететін ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді өз бетінше салу		35
5	өз бетінше су ұнғымасын бұрғылау және жер асты суларының су тарту тоғандарын салу		30
6	сулардың және оларды пайдаланудың бастапқы есебін жүргізу ережесінің бұзылуы	маңызды	25
7	жер үсті және жер асты суларының, ауыз сумен жабдықтау көздерінің ластануы, қоқыстануы және сарқылуы		20
8	су жиналымдарында олардың ластануын, топырақтың су эрозиясын және басқа да зиянды құбылыстарды туғызатын су қорғау режимінің бұзылуы		20
9	судың ластануын және қоқыстануын немесе олардың зиянды әсерін болғызбайтын құрылыстары мен қондырғылары жоқ кәсіпорындарды, коммуналдық және басқа да объектілерді пайдалануға беру		15

10	судың ластануынан, қоқыстануынан және сарқылуынан қорғауды, сондай-ақ су режимінің жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін гидротехникалық, технологиялық, орман-мелиорациялық, санитарлық және басқа да іс-шаралардың жүргізілмеуі	маңызды	15
11	Су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғыларын, сондай-ақ сумен жабдықтаудың өртке қарсы жүйелерін зақымдау, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерін жою	маңызды төмен	10
12	сулардың және оларды пайдаланудың бастапқы есебін жүргізу ережесінің бұзылуы		5
13	мемлекеттік су кадастрының есебі мен есептілігі деректерін, су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын бұрмалау		5
14	су ресурстарын оларды кешенді пайдалану, экология мен су бөлу мүдделерінде реттеуге кедергі жасау		5

Қазақстан Республикасының
су қорын пайдалану және қорғау
саласының жеке кәсіпкерлік
аясындағы тәуекел дәрежесін
бағалаудың критерийлеріне
2-қосымша

Жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлері

№	Параметрлердің атауы	Балдар	
1	Анықталған бұзушылықтардың дәрежесі және саны	Анықталған бұзушылықтардың негізінде есептеледі	
2	Бассейндік кеңестердің, Бассейндік келісімдердің ұсынымдары мен ұсыныстарының орындалуы	орындалмады	мерзімі өткеннен кейін орындалды
		30	
3	Барлығы:	1 мен 2 қатарларының жиынтығы	

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 13 сәуірдегі
№ 24 - 03 / 184 және
Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрінің
2011 жылғы 25 сәуірдегі
№ 111 бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласының жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағы

Органның атауы _____

Тексеру тағайындау туралы акті _____

(№ , к ү н і)

Жеке кәсіпкерлік субъектінің атауы _____

Орналасқан мекен-жайы _____

	Талаптар	иә	жоқ	қажет етілмейді
1	2	3	4	5
1	Су ресурстарын ұтымды пайдаланылады, судың ысырабын қысқартуға шаралар қолданылған			
2	Белгіленген су пайдалану лимиттері, рұқсат етілген көлемдері мен режимдері сақталған			
3	Басқа су пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол берілмеген			
4	Су ресурстарын пайдалануды есепке алу жүргізілуде			
5	Су шаруашылығы құрылыстарының су тарту, су жіберу мен сарқынды және коллекторлық суларды ағызу құрылыстарын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықталған			
6	Су пайдалануға рұқсат құжаты бар			
7	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта және су пайдаланудың лимитін анықтаған кезде келісімде белгіленген су пайдалану шарттарын, сондай-ақ бақылаушы органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде толық көлемінде орындалуда			
8	Су объектісін пайдалану туралы анық және толық ақпаратты мемлекеттік органдарға уактылы ұсынылады			
9	Су үнемдеуші технологияларды, суарудың озық техникасын, сумен жабдықтаудың айналымдық және қайталама жүйелерін енгізуге шаралар қолданылған			
10	Жер үсті және жер асты суларынан су жинау алаңының ластануына жол берілмеген			
11	Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның тиісті негіздемесі мен шешімінсіз ауыз су сапасындағы суды өндірістік және басқа мұқтаждарға пайдалануға жол берілмеген			
12	Барлық авариялық жағдайлар мен су пайдаланудың технологиялық режимінің бұзылуы туралы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына дереу хабарланады			
13	Су пайдаланғаны үшін төлемдердің уактылы төленуі жүзеге асырылуда			
14	Шартқа сәйкес су пайдаланушылар белгіленген мерзімде сумен қамтамасыз етілген			

15	Су пайдаланушылармен келісім бойынша су бөлетін орындарда су өлшеу аспаптары орнатылған			
16	Су объектілерінің ластануының, қоқыстануының және сарқылуының, сондай-ақ, су объектілеріне келтірілетін зиянның алдын алу жөніндегі су қорғау іс-шаралары жүргізілуде			
17	Гидромелиорациялық жүйенің, су шаруашылығы құрылысының паспорты бар			
18	Су объектілерінде бұрғылау және барлау жұмыстарына келісімі бар			
19	Жеке және заңды тұлғалардың балансындағы гидрогеологиялық ұңғымалар , соның ішінде өздігінен төгілетін және барлау ұңғымалары, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымалар консервациялау құрылғыларымен жабдықталған немесе жойылған			
20	Егер жеке және заңды тұлғалар бұрғылау және басқа да кен жұмыстарын жүргізу кезінде суы бар жиектерді ашса, олар өздігінен төгілетін және барлау ұңғымаларын реттеуші құрылғылармен және бақылау құралдарымен жабдықтауға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жер асты суларын қорғау жөніндегі басқа да шараларды қолдануға міндетті			
21	Жер асты суларының су алу құрылыстарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жер асты суларының санитарлық қорғау аймағы ұйымдастырылған			
22	Жер асты суларына мониторинг Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте әзірленген және келісілген Мониторингті ұйымдастыру және жүргізу жобасына сәйкес жүргізіледі			
23	Су объектілерінің су қорғау белдеулеріндегі жер учаскелерінде жеке және заңды тұлғалармен шаруашылық және өзге де қызмет режиміне қойылатын талаптар сақталған			

Инспекцияның лауазымды тұлғалары:

(лауазымы) (қолы) (Аты-жөні)

(лауазымы) (қолы) (Аты-жөні)

Мемлекеттік бақылау субъектісінің жетекшісі:

(Аты-жөні, лауазымы) (қолы)